Түсіндірме жазба

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық сараптама орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны арасында Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мекемелерінің қызмет көрсетулері бойынша «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-баптың 3-тармағының 36)-тармақшасына сәйкес келесі форматты-логикалық бақылау ескеріле отырып негізделді: «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 46-бабының 2-тармағын, 107-бабының 4-тармағын, 114-бабының 5-тармағын, Қазақстан Республикасының 2014 жылдың 11 сәуіріндегі «Азаматтық қорғау туралы» №188-V Заңының 92-бабының 3-1-тармағын, «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің кейбір республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 5 ақпандағы № 38 қаулысы, «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің және оның аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 қазандағы № 644 бұйрығы, «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 22 қыркүйектегі № 596 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің 10.02.2022ж. №24-01-24/202-И хатына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында ҚР ДСМ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК-ны халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында қызмет ететін жалғыз мемлекеттік кәсіпорын болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің 19.01.2024ж. №24-24-1-1/139-И санды хаты алынды.

Жоғарыда көрсетілген негіздемелерге сәйкес, Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мекемелерінің қызметтерін (Органолептикалық, санитариялық-гигиеналық, микробиологиялық, бактериологиялық, вирусологиялық, паразитологиялық, санитариялық-химиялық, иммундық-биологиялық, молекулярлық-генетикалық, токсикологиялық, радиологиялық, радиометриялық, дозиметриялық өлшеулер кешенін, электромагниттік өрістерді және физикалық факторларды өлшеуді, басқа да өлшеулер мен сынақтарды орындау) ҚР ДСМ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық сараптама орталығы" ШЖҚ РМК көрсетеді.

Осыған орай «Тікелей шарт тұжырымы бір дерекөздерден» мемлекеттік сатып алудың тәсілі негізінде 305 392 168 (үш жүз бес миллион үш жүз тоқсан екі мың бір жүз алпыс сегіз) теңге 00 тиынға көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарты ҚР ДСМ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық сараптама орталығы" ШЖҚ РМК-на жолданып отыр.

Департамент басшысы **Д.О.Жанабергенова**